

## 2023 – 2024 оқу жылында 10-сыныптағы өткен тәрбие жұмысының жылдық есебі

10-сыныпта 4 ер бала және 5 қыз бала барлығы 9 оқушы бар. Оқу жылының басында үш құндылықты басты назарда ала отырып, тәрбие жоспары құрылды.

**Мақсаты:** Өмірдің ағымдағы мәселелерін шешуге қабілетті сынып ұжымын ұйымдастыру; тұлғаны зерделеу және қажет болған жағдайда оқушылардың тәрбиесін түзету. Өскелең ұрпақты демократиялық қоғамда өмір сүруге үйрету; азаматтық белсенділік, құзыреттілікті қалыптастыру; сыни ойлау, жалпы және құқықтық мәдениет қалыптастыруға ықпал ету; азамат-патриоттың егемен тұлғасын қалыптастыру, ұлттық тәрбие-білім беру жүйелері жағдайында тұлғаны этникаландыру.

### *Міндеттері*

- оқушылардың даму деңгейін анықтау (ойлау, шығармашылық қабілеттері, физикалық және психологиялық денсаулығы және т.б.);
- тұлғалық-бағдарлық көзқарас негізінде әрбір баланың дамуы мен тәрбиесі үшін тиімді жағдайлар жасау. Тұлғаны әлеуметтендіру үшін жағдай жасау;
- азаматтық өзіндік сананы қалыптастыру;
- ұлттық келісім негізі ретінде ізгілікке, бейбіт сүйгіштікке тәрбиелеу;
- құқықтық сананы және заңға бағынушылықты тәрбиелеу;
- ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- жеке адамдар мен халықтар арасында ынтымақтастыққа қабілетті тұлғаның өзіндігін нығайту;
- оқушыларда әлемдік мәдениеттің және Қазақстан мәдениетінің алуан түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру, оқушылардың этникалық тәрбиесі ерекшеліктерін ескеру негізі ретінде ұлттық тәрбие жүйесінде этнос субъектісін қалыптастыру.

Оқушылардың жа ерекшелігін ескере отырып, жоғарыдағы міндеттер бойынша жұмыстар жасалды. Сыныпта сабақты көп жіберетін оқушы болмады. Тәртібі өте жақсы. Бір бірінің сөздерін тыңдай алады. Мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Аса қатты белсенді емес оқушыларда болды. Сыныпта жыл эшәнде келеңсіз жайттар болмады. Сыныптағы қоғамдық жұмыстарға белсенді оқушылар дебат, спорт сияқты әртүрлі үйірмелерге қатысады. Сыныпқа тапсырма берілсе өз бетімен жұмыстанады. Сыныптағы кейбір оқушылар мектеп парламентінің мүшелері болып тағайындалды. Сыныптағы тәрбие жұмысына үш құндылықты (талап, ар-ұят, ұлттық мүдде) негізге ала отырып жоспар құрылды.

Қыркүйек айындағы сынып сағаттарына тоқталатын болсам: Бірінші қыркүйек білім күніне арналған «Мектеп - мейірім мекені» тақырыбында сынып сағаты өтті. Сонымен қатар «Толық адам ілімі», «Ұлы даланың ұлт аралық тілі», еңбегі адал жас өрен жобасы бойынша «Ел бүтіншіл, менікі ертеңгі үшін» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай «Қожа Ахмет Яссауидің халхикмет ілімі» тақырыбында сынып сағаты өтті.

Қазан айында «Жақұты барға жасын түспейді», «Бір отбасы-бір кітап» балаларды кітап оқуға тәрбиелеу мақсатында, «Өнегелі өмір» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Қараша айында «Қазіргі әлемдегі цифрлық сауаттылық», еңбегі адал жас өрен жобасы бойынша «Оян, ар мен адалдық», Су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы», Сыбайлас жемқорлыққа қарсы отырыс болды.

Желтоқсан айында «Тарих пен тіл тамырлас», «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» «Мен - еріктімін» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Қаңтар айында ойыл өңірінің ақындарының өлеңдерін дәріптеу мақсатында «Туған өлке ақындарының шығармалары» атты сынып сағаты өтті, сонымен қатар «Парасаттылық туралы», «Біздің қоғамдағы әділеттілік», «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Ақпан айында «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы», жеткіншектің жеті жарғысы жобасы бойынша «Этикалық құндылықтарды дамыту», «Біздің қоғамдағы азаматтық жауапкершілігіміз», «Тарихқа тағзым» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

Наурыз айында еңбегі ерен жас өрен жобасы бойынша «Табысты тұлға», «Мейірімділік құндылығы» атты сынып сағаттары өткізілді.

Сәуір айында «Достық–көмек пен мықты», қазақтың ұмыт болып бара жатқан ұлттық тағамдарын еске түсіру мақсатында «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» атты сынып сағатын өткіздім. Сонымен қатар «Ұлы Дала мұрагерлері», «Қоқысты қайта өңдеу процесі», «Тағдырыңның кілті–өз қолыңда!» атты сынып сағаттары өткізілді.

Мамыр айында жеңіс күніне орай «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» атты сынып сағаты , жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы бойынша «Медиаtime», «Қуғын сүргін құрбандары» атты сынып сағаттары өтті.

Осы жоспар бойынша жасалған тақырыптардың барлығы өтілді. Жоспардан тыс тәрбие сағаттары да өткізілді.буллинг, Кибербуллингке тақырыптарына қатысты д сынып сағаттары өтті.Төрт тоқсанға жалпы ата аналар жиналысы болды.Сабақтан себепсіз қалған оқушылар болмады.

Сынып сағаттарындағы көріністер:

Білім күнінің сынып сағаты



Медбикенің екпенің түрлерін таныстыру сәті.



Тәуелсіздікке арналған сынып сағаты





Наурызға арналған сынып сағаты

